

*Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің  
Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын бақылау мен қадағалау комитеті*

***Қазақстан Республикасының  
Жинақтаушы зейнетақы жүйесінің  
ағымдағы жағдайы***

*2013 жылғы 1 наурыздағы жағдай бойынша*

Көлемі: 7 бет  
Кестенің саны: 9  
Графиктердің саны: 3  
Кезеңділігі: ай сайын жаңарту

*2013 жыл*

## **МАЗМҰНЫ**

### **I. ЖИНАҚТАУШЫ ЗЕЙНЕТАҚЫ ЖҮЙЕСІНІҢ ҚҰРЫЛЫМЫ**

1-кесте. Қазақстан Республикасы Зейнетақы нарығының құрылымы

### **II. САЛЫМШЫЛАРДЫҢ (АЛУШЫЛАРДЫҢ) ЖИНАҚТАЛҒАН ЗЕЙНЕТАҚЫ ҚАРАЖАТЫ**

2-кесте. Жинақтаушы зейнетақы қорларының салымшылары (алымшылар)

3-кесте. Салымшылардың (алушылардың) жинақталған зейнетақы қаражаты

1-график. Зейнетақы жарналарының, «таза» инвестициялық кірістің және жинақталған зейнетақы қаражатының өзгеру динамикасы

4-кесте. Зейнетақы төлемдері және жинақталған зейнетақы қаражатының аударымдары

### **III. ҚОРЛАРДЫҢ ЗЕЙНЕТАҚЫ АКТИВТЕРІНІҢ ҚҰРЫЛЫМЫ**

2-график. Зейнетақы активтерінің жиынтық көлемінің өзгеру динамикасы

5-кесте. Зейнетақы активтерінің жиынтық көлемін бөлу

6-кесте. ЖЗҚ жиынтық инвестициялық портфелі

### **IV. ҚОРЛАРДЫҢ НОМИНАЛДЫ КІРІСІНІҢ КОЭФФИЦИЕНТІ ТУРАЛЫ МӘЛІМЕТТЕРІ**

7-кесте. Номиналды кірісінің орташа алынған коэффициенті

### **V. ЖИНАҚТАУШЫ ЗЕЙНЕТАҚЫ ҚОРЛАРЫ ҚЫЗМЕТІНІҢ ТИІМДІЛІГІ. РЕСПУБЛИКА ЭКОНОМИКАСЫНДАҒЫ ЗЕЙНЕТАҚЫ СЕКТОРЫНЫҢ РОЛІ**

8-кесте. Жинақтаушы зейнетақы қорларының жиынтық активтері мен капиталының құрылымы

3-график. ЖЗҚ активтері мен капиталының өзгеру динамикасы

9-кесте. Республика экономикасындағы зейнетақы секторының рөлін сипаттайтын салыстырмалы көрсеткіштердің динамикасы

## I. ЖИНАҚТАУШЫ ЗЕЙНЕТАҚЫ ЖҮЙЕСІНІҢ ҚҰРЫЛЫМЫ

### 1-кесте. Қазақстан Республикасы Зейнетақы нарығының құрылымы

Жинақтаушы зейнетақы жүйесінің институционалды құрылымы *	1.01.13	1.03.13
Жинақтаушы зейнетақы қорларының саны	11	11
- оның ішінде зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруды дербес жүзеге асыратындар	11	11
Жинақтаушы зейнетақы қорлары филиалдарының саны	120	120
Республика өңірлеріндегі өкілдіктерінің саны	0	0
Зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруды жүзеге асыратын ұйымдардың саны	13	13
Кастодиандық қызметті жүзеге асыруға лицензиясы бар банктердің саны	10	11
- оның ішінде жинақтаушы зейнетақы қорларының кастодиан банктері	6	5

## II. САЛЫМШЫЛАРДЫҢ (АЛУШЫЛАРДЫҢ) ЖИНАҚТАЛҒАН ЗЕЙНЕТАҚЫ ҚАРАЖАТЫ

### 2-кесте. Жинақтаушы зейнетақы қорларының салымшылары (алушылары)

Жалпы міндетті зейнетақы жарналары бойынша салымшылардың (алушылардың) шоттарының саны және жинақталған зейнетақы қаражаты сомаларының өсуі байқалады

Жинақтаушы зейнетақы қорларының салымшыларының (алушыларының) саны		1.01.13	1.03.13		
			Барлығы	қалыпты инвестициялық портфель бойынша	консервативті инвестициялық портфель бойынша
міндетті зейнетақы жарналары бойынша	салымшылардың (алушылардың) шоттарының саны	8 422 512	8 433 316	8 186 890	246 426
	жинақталған зейнетақы қаражаты, млрд.теңге	3 177,6	3 254,8	3 219,9	34,9
ерікті зейнетақы жарналары бойынша	салымшылардың (алушылардың) шоттарының саны	37 793	37 589	37 589	0
	жинақталған зейнетақы қаражаты, млрд.теңге	1,3	1,3	1,3	0
ерікті кәсіби зейнетақы жарналары бойынша	салымшылардың (алушылардың) шоттарының саны	4 225	4 220	4 220	0
	жинақталған зейнетақы қаражаты, млрд.теңге	0,1	0,1	0,1	0

Салымшылардың (алушылардың) жинақталған зейнетақы қаражаты ағымдағы жылдың басында 77,3 млрд. теңгеге (2,4%) ұлғайып, 2013 жылғы 1 наурызда 3 260,5 млрд. теңге болды.

\* берілген лицензиялардың саны бойынша


**3-кесте. Салымшылардың (алушылардың) жинақталған зейнетақы қаражаты**

(млрд.теңге)

Жинақталған зейнетақы қаражатының көлемі, млрд.теңге	01.01.13	01.03.13	Өсімі (%-бен)
Жинақталған зейнетақы қаражаты	3 183,2	3 260,5	2,4
Зейнетақы жарналары	2 470,1	2 553,2	3,3
«Таза» инвестициялық кіріс	667,4	691,3	3,6
Жинақталған зейнетақы қаражаты сомасындағы «таза» инвестициялық кірістің үлесі	21,0	21,2	0,2%- дық тармаққа

2013 жылғы 1 наурыз айына ең көп жинақталған зейнетақы қаражатының сомасына 4 қор ие болды: барлық қорлардың жинақталған зейнетақы қаражатының жалпы көлемінен «Қазақстан Халық Банкі» – 1 092,8 млрд. теңге (33,5%), «ГНПФ» – 648,3 млрд. теңге (19,9%), «Ұлар Үміт» - 403,0 млрд. теңге (12,4%) және «Грантум» - 307,5 млрд. теңге (9,4%) немесе жиынтығында осы 4 қордың үлесіне барлық жинақталған зейнетақы қаражатының 75,2 %-ы келді.

**1-график. Зейнетақы жарналарының, «таза» инвестициялық кірістің және жинақталған зейнетақы қаражатының өзгеру динамикасы (3-кестеге)**



Міндетті зейнетақы жарналарын уақтылы аудармағаны, жинақталған зейнетақы қаражатын аударым жасауды уақтылы жүзеге асырмағаны және зейнетақы активтерін тиісінше басқармағаны үшін өсімпұл сомасы 2013 жылғы 1 наурызда 12,5 млрд. теңге болды.

**4-кесте. Зейнетақы төлемдері және жинақталған зейнетақы қаражатының аударымдары**

Зейнетақы төлемдері және қорлардан сақтандыру ұйымдарына аударымдар 2013 жылғы 1 қаңтармен салыстырғанда 38,0 млрд. теңгеге немесе 8,7%-ға ұлғайып, есепті күнде 334,4 млрд.теңге болды.

(млрд.теңге)

Көрсеткіштің атауы / күні	01.01.13	01.03.13	Өсімі (%-бен)
Зейнетақы төлемдері	323,0	351,0	8,7
Зейнетақы аннуитет шартына сәйкес сақтандыру ұйымдарына алушылардың жинақталған зейнетақы қаражатын аударым жасауы	62,8	70,7	12,6
жинақталған зейнетақы қаражатын басқа қорларға аудару	1 909,6	2 009,3	5,2


2013 жылдың басынан бастап зейнетақы аннуитет шарттарына сәйкес сақтандыру ұйымдарына алушылардың жинақталған зейнетақы қаражатын аударым жасау жалпы сомасы 8,0 млрд. теңгеге 2 986 алушыға жүзеге асырылды.

Жинақтаушы зейнетақы жүйесі жөніндегі ақпаратты уәкілетті органның сайтында орналастыру, сондай-ақ қорлардың ақпаратты бұқаралық ақпарат құралдарында жариялауы салымшыларға (алушыларға) қорды дербес таңдауға және зейнетақы заңнамасы бойынша берілген жинақталған зейнетақы қаражатын бір қордан екінші қорға аудару құқығын пайдалануға мүмкіндік береді.

### III. ҚОРЛАРДЫҢ ЗЕЙНЕТАҚЫ АКТИВТЕРІНІҢ ҚҰРЫЛЫМЫ

#### 2-график. Зейнетақы активтерінің жиынтық көлемінің өзгеру динамикасы

2013 жылғы 1 наурыздағы жағдай бойынша ЗАИБЖАҰ-да инвестициялық басқарудағы зейнетақы активтерінің жиынтық көлемі ағымдағы жылдан бастап 77,9 млрд. теңгеге немесе 2,4%-ға өсіп, 3 266,2 млрд. теңге болды.



2012 жылғы 1 наурыздан бастап 2013 жылғы 1 наурызға дейінгі кезеңде зейнетақы активтерінің орташа айлық өсуі 43,4 млрд. теңге болды.

#### 5-кесте. Зейнетақы активтерінің жиынтық көлемін бөлу

ЖЗҚ атауы	01.01.13		01.03.13	
	млрд. теңге	%-бен	млрд. теңге	%-бен
"Қазақстан Халық Банкі" АҚ ЕҰ, "Қазақстан Халық Банкі ЖЗҚ" АҚ	1 062,6	33,3	1 094,6	33,5
"ГНПФ" ЖЗҚ" АҚ	624,5	19,6	649,1	19,9
"ҰларҮміт" ЖЗҚ" АҚ	401,6	12,6	403,9	12,4
"ГРАНТУМ ЖЗҚ" АҚ ("Казкоммерцбанк" АҚ ЕҰ)	305,0	9,6	308,5	9,4
"Астана" ЖЗҚ" АҚ	211,8	6,6	224,7	6,9
"Капитал" ЖЗҚ" АҚ - "Банк ЦентрКредит" АҚ еншілес ұйымы	184,6	5,8	187,0	5,7
"НефтеГаз-Дем" ЖЗҚ" АҚ	141,0	4,4	141,9	4,3
"Нұрбанк" АҚ ЕҰ "Атамекен" ЖЗҚ" АҚ	92,3	2,9	90,7	2,8
"Отан" АЖЗҚ" АҚ	85,5	2,7	85,9	2,6
"РЕСПУБЛИКА" ЖЗҚ" АҚ	79,4	2,5	79,9	2,5
<b>Барлық ЖЗҚ бойынша барлығы</b>	<b>3 188,3</b>	<b>100</b>	<b>3 266,2</b>	<b>100</b>

#### 6-кесте. ЖЗҚ жиынтық инвестициялық портфелі

Жинақтаушы зейнетақы қорларының инвестициялық портфелі құрылымында қарастырылып отырған кезеңде маңызды өзгерістер орын алған жоқ. Бұрынғыша, инвестициялық портфельдің негізгі бөлігін ҚР мемлекеттік бағалы қағаздары және ҚР эмитенттерінің корпоративті бағалы қағаздары құрайды.

(млрд.теңге)

Қаржы құралдары	1.01.13		1.03.13		Өсімі (%-бен)
	млрд. теңге	%-бен	млрд. теңге	%-бен	
<b>ҚР мемлекеттік бағалы қағаздары, оның ішінде</b>	1 579,4	50,5	1 543,6	49,8	-2,3
Қаржы министрлігінің бағалы қағаздары	1 535,4	49,1	1 505,8	48,6	-1,9
Ұлттық Банктің ноттары	38,4	1,2	32,2	1,0	-16,1
жергілікті атқарушы органдардың бағалы қағаздары	5,5	0,2	5,6	0,2	0,0
<b>Шетел эмитенттерінің мемлекеттік емес бағалы қағаздары</b>	159,1	5,1	139,2	4,5	-12,5
акциялар	21,2	0,7	18,6	0,6	-12,3
облигациялар	137,9	4,4	120,6	3,9	-12,5
<b>Халықаралық қаржы ұйымдарының бағалы қағаздары</b>	72,9	2,3	66,5	2,2	-8,8
<b>Шетел эмитенттерінің мемлекеттік бағалы қағаздары</b>	66,7	2,1	65,6	2,1	-1,6
<b>Тазартылған алтын</b>	114,5	3,7	138,6	4,5	21,0
<b>ҚР эмитенттерінің мемлекеттік емес бағалы қағаздары, оның ішінде</b>	812,1	25,9	822,2	26,5	1,2
акциялар	170,4	5,4	179,8	5,8	5,5
облигациялар, оның ішінде:	641,7	20,5	642,4	20,7	0,1
шетел валютасында номинирленген	78,9	2,5	80,6	2,6	2,2
теңгеге номинирленген	562,8	18	561,8	18,1	-0,2
<b>Екінші деңгейдегі банктердегі салымдар</b>	324,8	10,4	321,9	10,4	-0,9
<b>Туынды бағалы қағаздар</b>	-0,1	0	0,0	0	-100,0
<b>Жиынтығы</b>	<b>3 129,4</b>	<b>100</b>	<b>3 097,6</b>	<b>100</b>	<b>-1,0</b>

Эмитенттер бағалы қағаздар шығарылымы бойынша дефолтқа жол берген бағалы қағаздардың үлесі 2013 жылғы 1 наурызда зейнетақы активтерінің жалпы көлемінің 0,6%-ын құрады, бұл абсолюттік мәні бойынша 21,2 млрд. теңге болды.

#### IV. ҚОРЛАРДЫҢ НОМИНАЛДЫ КІРІСІНІҢ КОЭФФИЦИЕНТІ ТУРАЛЫ МӘЛІМЕТТЕР

##### 7-кесте. Қорлардың номиналды кірісінің коэффициенті туралы мәліметтер

Көрсеткіштің атауы / кезеңі	%		
	5 жылғы кезеңге	3 жылғы кезеңге	12 айға
Қалыпты инвестициялық портфель бойынша орташа алынған К2	24,01	11,93	4,06
Консервативті инвестициялық портфель бойынша орташа алынған К2	21,48	9,73	2,79
Инфляцияның жинақталған деңгейі	42,30	21,89	7,00


V. ЖИНАҚТАУШЫ ЗЕЙНЕТАҚЫ ҚОРЛАРЫ ҚЫЗМЕТІНІҢ ТИІМДІЛІГІ. РЕСПУБЛИКА ЭКОНОМИКАСЫНДАҒЫ ЗЕЙНЕТАҚЫ СЕКТОРЫНЫҢ РӨЛІ

8-кесте. Жинақтаушы зейнетақы қорларының жиынтықты активтері және капиталының құрылымы

(млрд.теңге)

Көрсеткіштің атауы / кезеңі	01.01.13	01.03.13	Өсімі (%-бен)
<b>Активтердің жиынтығы, оның ішінде</b>	<b>107,3</b>	<b>107,9</b>	<b>0,6</b>
- Бағалы қағаздар	60,6	57,7	-4,8
- "Кері РЕПО" операциясы	1,8	8,0	4,4 есе
- Орналастырылған салымдар (құнсыздануға есептелген резервтерді есептегенде)	27,5	24,2	-12,0
- Басқа да активтер	17,4	18,0	3,4
<b>Капитал жиынтығы</b>	<b>101,3</b>	<b>104,6</b>	<b>3,3</b>
- оның ішінде, жарғылық капитал	53,2	53,2	-
<b>Баланс бойынша міндеттемелер</b>	<b>6,0</b>	<b>3,3</b>	<b>-45,0</b>

3-график. ЖЗҚ активтерінің, капиталдың және таза пайданың (шығынның) өзгеру динамика (8-кестеге)



9-кесте. Республика экономикасындағы зейнетақы секторының рөлін сипаттайтын салыстырмалы көрсеткіштердің динамикасы

Көрсеткіштің атауы / кезеңі	1.01.13	1.03.13
ЖІӨ, млрд.теңге	31 442,7 *	31 610,5 *
Жинақталған зейнетақы қаражатының ЖІӨ-ге қатынасы, %-бен	10,1	10,3
Зейнетақы жарналарының ЖІӨ-ге қатынасы, %-бен	7,8	8,1
«Таза» инвестициялық кірістің ЖІӨ-ге қатынасы, %-бен	2,1	2,1

\* - Қазақстан Республикасы Экономика және бюджеттік жоспарлау министрлігінің болжам деректері